

Келес аудандық білім бөліміне қарасты  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының педагог қызметкерлерімен өткізілген  
жиналыстың  
№1 Хаттамасы

Қатысқаны:20  
Қатыспағаны:

28 - Тамыз  
2023 жыл

Күн тәртібінде

**1 педагогикалық кеңес.**

**Тақырыбы: «2023-2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».**

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
3. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.
5. 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.
6. Вариативті компоненттер.
7. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
9. Топтағы балалардың тізімдері.

Сөз алғандар: Топ тәрбиешілері

Д.Омарова

(б/б медбикесі)

Ж.Абдикаримова

(б/б меңгерушісі)

А.Калмурзаева

(б/б әдіскері)

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ж.Абдикаримова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Педагогикалық кеңес хатшысын, балабақша меңгерушісі ұсынды, педагогикалық ұжым бір ауыздан қолдау танытты. Педагогикалық кеңес хатшысы – балабақша әдіскері – А.Калмурзаева тағайындалды. Жиналыс хатшысының тікелей міндеті таныстырылып өтілді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын

қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталады.

2023 жылдың 1- маусым айынан бастап 01- қыркүйегіне дейін балабақша балалары жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бойынша тәрбиеленеді.

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер құммен эксперимент жасауды жиі қолданды. Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында жаз мезгілінде әр түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылды.

Жазғы мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері- А.Калмурзаева, баяндада. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып, өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балабақша меңгерушісі –Ж.Абдикаримова, оқып беріп, педагогтар арасында кеңінен талқылады.

Төртінші мәселе, бойынша бақшаның меңгерушісі Ж.И.Абдикаримова, 2023-2024 оқу жылындағы жоспармен таныстырып, стандарт талапарына сүйене отырып түзілгенін мәлімдеді. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілді және топ тәрбиешілеріне ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі мен оқу жоспарларын бекітіп берді.

Бесінші мәселе, балабақша қызметкерлерін орнықтыру бойынша меңгеруші Ж.Абдикаримова, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты, топтарға жіктеп, қызметкерлерді орнықтырып, бекітті. 2023-2024 оқу жылына топтардың балабақшаның дайындығы жақсы деңгейде. Топтар ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өтті. Топтар оқу жылына дайын.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

## **Шешім**

1. Педагогикалық кеңес хатшысы – А.Калмурзаева сайласын.
2. Жазғы сауықтыру іс шараларының қорытындысы қанағаттанралық деп табылсын.
3. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен балабақшаның педагогикалық құрамы толық танысрылсын.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген талаптар мен қағидаттар жұмыс барысында толық сақталып, жұмыс жүргізілсін.
5. 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.
6. Вариативті компоненттер балалардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне негізделініп түзілсін .
7. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі бекітілсін.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі құрылсын
9. Топтағы балалардың тізімдері бекітілсін

Балабақша меңгерушісі:  Ж.Абдикаримова  
Хатшы:  А.Калмурзаева



Келес аудандық білім бөліміне қарасты  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының педагог қызметкерлерімен өткізілген  
жиналыстың

№2 Хаттамасы

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны:

22 - қазан

2023 жыл

Күн тәртібінде

**Тақырыбы:** Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарына қолдану.

**Мақсаты:** Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын қарастыру. Коррекциялық топтағы балалармен түзету-дамыту жұмыстары бағыттарын қарастыру.

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
2. *Тренинг.* Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері.
3. *Шеберлік сынып.* Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану.
4. *Шеберлік сынып.* Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Шеберлік сынып
5. *Іс-тәжірибеден.* Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі
7. **Кешенді бақылау қорытындысы.** «Денсаулық» саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы
8. *Көрме.* Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар.
9. **№2 педагогикалық кеңес шешімі**

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ж.Абдикаримова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері – А.Калмурзаева, №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші

кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толықтыру жұмыстары жүргізілген, қадағалануда.

Екінші мәселе бойынша, балабақшаның педагог-психологы – Н.Тиркеуова, «Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг соңында ұжым қызметкерлері көтеріңкі көңіл – күйге еніп, психологқа өз алғыстарын білдірді.

Үшінші мәселе, бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану тақырыбында шеберлік сыныпты МАД топтарының тәрбиешілері Г.Полатова мен С.Отыншиевалар өткізді.

Қоғамдық тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмнің қызметін жетілдіру, мұның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Қазақи ұлттық дәстүрімізге сай көріктілігін, ептілігін, сегіз қырлы бір сырлы жан-жақты ұлттық қасиетін танып білуді бала бойына қалыптастыру сәби кезінен табылады. Сондықтан осы таңертеңгілік ұлттық би жаттығуы әдістемелік құралын ұсынамыз.

Әдістемелік құралда таңертеңгілік жаттығуларды ұйымдастыру бала денесінің жан-жақты дамуына арналған жаттығулар беріледі. Балалардың сүйек жүйелері мен байланыс буын қызметінің дұрыс жетілуіне, бел омыртқаның, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет. Барлық бұлшық ет топтарын, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуін дамытуға мүмкіндік жасау керек. Басты міндет балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Төртінші мәселе бойынша, ортаңғы топ тәрбиешілері «Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу» туралы шеберлік сынып өткізді.

Бесінші мәселе, «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» бойынша іс – тәжірибемен балабақша тәрбиешісі Н.Сартбай бөлісті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызметі. Танымдық өрісінің дамуы:

- 1 жастағы балада заттық қабылдау, бірақта ол толық жетілмеген.
- 2 жаста бала заттың қасиеттерін әліде болса айыра алмайды, оны тек ашық белгілеріне қарай ажырата алады.
- 3 жаста бала заттың формасын, көлемін, түрін ажырата алады. Сонымен бірге үлгі бойынша көріп қабылдайды.
- 3 жаста бала 5-6 форманы және 8 түсті меңгеруі тиіс. Естіп қабылдау жедел дамиды.

Зейіні ырықсыз. Зейін көлемі тар алаңболушылық басым. Есі ырықсыз естің басты ролі қайталауда. Қимыл-қозғалыс есі басым екені көрініс береді.

Алтыншы мәселе, «Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту» туралы әр топ тәрбиешілері өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Ересек топ тәрбиешісі – У.Турымбетова, Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі – мәдениеті мен өнерінің де ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата – бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндеті айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі, - деп сөзін аяқтады.

Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі туралы, кіші жас тобының тәрбиешісі – Р.Кулманова баяндады. Топ жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүріп жатқаны туралы айтты.

Жетінші мәселе, балабақша әдіскері – А.Калмурзаева, кешенді бақылау қорытындысын баяндады. Дене шынықтыру пәндерінің өтілу сапасының кешенді тексеру 2023 жылдың 01-қарашасы мен 21-қарашасы аралығында өткізілді. Кешенді тексеру барлық топтар арасында жүргізілді. Денсаулық бұрыштарын, дене тәрбиесі оқу іс- әрекеттері мен сауықтыру-шынықтыру шараларын, қауіпсіз мінез – құлық шараларын бақылау арқылы жүзеге асты. Барлық топтарда дене тәрбиесіне арналған құралдарды толықтырып, атрибуттарды көбейту керектігі ескертілді.

Комиссия мүшелері барлық топтарда келешекте толықтыру жұмыстарын жалғастыра беру керектігін айтты.

Кіші топ тәрбиешілері – Балалардың қол, саусақ бұлшықеттерінің жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдардан көрме ұйымдастырды. Көрме қорытындысы жасалынып, өте жақсы деп бағаланды. Алдағы уақытта балаларды тәрбиелеу барысында пайдаланылсын, деп шешілді.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

### **Шешім:**

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері, тақырыбындағы тренинг «жақсы» деп бағалансын, педагогтармен әрі қарай жұмыс жүргізу педагог-психологқа міндеттелсін.
3. «Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын, толықтыру жұмыстары топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

4. Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Шеберлік сынып бойынша ортаңғы топ тәрбиешілері қанағаттанарлық деңгейде жұмыс жүргізген деп бағалансын.
5. «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланып, оқу іс әрекеті кезінде қолданылсын.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі басқа топтарға таратылып, тереңірек қолданылсын.
7. «Денсаулық» саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
8. Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар «жақсы» деп бағалансын. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерге қолданылсын.

Балабақша меңгерушісі:  Ж.Абдикаримова  
Хатшы:  А.Калмурзаева



Келес аудандық білім бөліміне қарасты  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының педагог қызметкерлерімен өткізілген  
жиналыстың

№3 Хаттамасы

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны:

22 – желтоқсан

2023 жыл

Күн тәртібінде

**3 педагогикалық кеңес.**

Тақырыбы: Тәрбие мен оқыту үдерісінде дамытушы ойындар мен ұлттық ойындарды қолдану.

Мақсаты: Тәрбие мен оқыту үдерісінде дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұлттық ойындар арқылы балаларды танымдық қабілеттеін дамыту.

1. №2 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
  2. *Іс-тәжірибе:* Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі
  3. *Шеберлік сынып.* «Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар
  4. Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану
  5. *Ішінара бақылау.* Эксперименттік топтарда ұлттық ойындарды қолдану деңгейі.
  6. Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану. Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесінен
  7. №3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды анықтамасы
  8. *Кешенді бақылау қорытындысы.* Ересек даярлық топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау
- Көрме:** «Қазақтың ұлттық ойындары» құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар т.б.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ж.Абдикаримова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері – А.Калмурзаева, №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толықтыру жұмыстары жүргізілген, қадағалануда.

Екінші мәселе бойынша, Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі туралы, балабақша тәрбиешісі – Ф.Арипова баяндады. Ұлы жазушы В.А.Сухомлинский былай дейді: «Ойынсыз баланың толыққанды ақыл ойы дамымайды және дамуы да мүмкін емес. Ойын – ол үлкен жарық терезе, ол арқылы баланың ішкі жан – дүниесіне жандану нәрі құйылады, айналадағы әлемді ұғады. Ойын – ол сәуле, жанатын от, білуге деген құштарлық, алатын нәр» десе, қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» деп айтқандай ойын баланы дамыту құралы, оқу мен білімнің тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын.

Ойын арқылы бала қатынасқа түседі яғни өзін - өзі таниды, тілі дамиды, ынтымақтасады, өзара бақылау жасайды. Мәселен, бала өзі ғана емес, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды. Сол арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды, ал мұның өзі –баланың дамуы үшін маңызды фактор. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қуанышы мен реніші, қабілеті мен белсендігі көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С. Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде, кәсіби қызмет саласында, көбінесе солай болады».

Үшінші мәселе, шеберлік сынып бойынша, кіші топ тәрбиешісі – Т.Турлыбекова, «Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар» туралы айтты. Топ балаларының жас ерекшелігіне сәйкес қолданылып жүрген дамытушы ойындардан презентация жасап, тәрбиешілердің назарына ұсынды.

Төртінші мәселе, эксперименттік топтарда ұлттық ойындарды қолдану деңгейі туралы әдіскер баяндады. Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту ХХІ – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені қилы.

Бесінші мәселе, Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану. Эксперименттік топтағылар туралы әдіскер баяндады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады. Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілетінің дамуы мектеп жасына дейінгі балаларда бейнелеу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуі болып табылады. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоциональды көңіл-күй туғызады.

Сондықтан, балабақшада баланың басты әрекеті ретінде бейнелеу өнерін енгізген маңызды болып саналады. Бала сурет сала, қия және желімдей келе, бірінші кезекте өзі үшін субъективті жаңа бұйымды алады. Бала үшін мұның маңызы зор. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, нағыз шығармашылықтың тәжірибесін меңгеріп, оны болашақта пайдалана білетіндей болады.

Алтыншы мәселе бойынша, балабақшаның әдіскері-А.Калмузаева баяндады, №3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды туралы анықтаманы ұсынды. Кемшіліктер мен толықтыру жұмыстарын атап көрсетті.

Жетінші мәселе, ересек, даярлық топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау жұмыстары бойынша қорытынды жасалынды. Әдіскер, ойындардың түрлері мен балалардың танымдық деңгейінің өсуіне әсерін айтты. Қандай ойын түрлері қолданылып жатқанын, атрибуттарды көсетті.

Сегізінші мәселе, барлық топтарда көрме ұйымдастырылды. «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбында өткізілді, құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналардан көрме ұйымдастырылды. Көрме өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Көрменің нәтижесін, балабақша меңгерушісі жасады. Жоғары деп бағалады.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

### Шешім:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімі бойынша жасалынған қорытынды анықтама қанағаттанарлық деп бағалансын. Толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі тақырыбында жасалынған іс – тәжірибе қанағаттанарлық деп бағаланып, топ тәрбиешілерінің ұйымдастырылған оқу іс әрекеті барысында қолданылуға ұсынды.
3. Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар тақырыбындағы шеберлік сынып қанағаттанарлық деңгейде. Толықтыру жұмыстары әдіскер – А.Калмурзаеваға жүктелсін.

4. Эксперименттік топтарда ұлттық ойындарды қолдану деңгейі жақсы деп бағалансын.
5. Эксперименттік топтағы ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану деңгейі қанағаттанарлық деп бағалансын. Толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
6. №3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытындысы жақсы деп бағалансын.
7. Ересек даярлық топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау бойынша кешенді бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
8. «Қазақтың ұлттық ойындары» құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар т.б. жасалынған көрме жақсы деп бағалансын. Барлық топ тәрбиешілеріне қолданылу ұсынылсын.
9. №3 педагогикалық кеңес шешімі шығарылып, толыққанды жұмыстар жүргізілсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:

Ж.Абдикаримова

А.Калмурзаева

